

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Чиллерлерді монтаждау және іске қосуды реттеу  
жұмыстарын жүргізудің**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ**

---

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА**

**производства работ по монтажу и пуско-наладке  
чиллеров**

**ТК 4.02-02-2011**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства  
и жилищно-коммунального хозяйства**

**Астана 2011**

**ТК 4.02-02-2011. Технологиялық карта**  
**ТК 4.02-02-2011. Технологическая карта**

---

**Алғы сөз**

- |   |   |
|---|---|
| <b>1. ӘЗІРЛЕГЕН</b>                                     | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК және ОАО «ОРГСТРОЙ»  |
| <b>2. ҰСЫНҒАН</b>                                       | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті       |
| <b>3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ</b> | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 29.12.2011 жылғы №536 бұйрығымен 01.05.2012 жылдан бастап |
| <b>4. ОРНЫНА</b>  | алғашқы рет   |

**Предисловие**

- |  |  |
|--|--|
| <b>1. РАЗРАБОТАНЫ</b>                  | РГП «КазНИИССА» и ОАО «ОРГСТРОЙ»   |
| <b>2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ</b>                 | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| <b>3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ</b> | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 29.12.2011 года №536 с 01.05.2012 года   |
| <b>4. ВЗАМЕН</b>                       | впервые  |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

**Мазмұны**

1 Қолдану саласы .....	1
2 Нормативтік сілтемелер .....	1
3 Жалпы ережелер.....	3
4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдар сипаттамасы.....	4
5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы .....	8
6 Материалдық-техникалық ресурстарда қажеттілік .....	22
7 Жұмыс сапасына талаптар .....	25
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау .....	30
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	36

**БЕЛГІ ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---

# ЧИЛЛЕРЛЕРДІ МОНТАЖДАУ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСУДЫ РЕТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Еңгізу мерзімі 2012.05.01

## 1 Қолдану саласы

1.1 Чиллерлерді монтаждау және іске қосуға дайындау жұмыстарын жүргізудің технологиялық картасы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) және нормативтік-техникалық құжаттардың (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған.

1.2 Технологиялық карта құрылысты құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, олардың технологиясы және механикалауы бойынша оңтайлы шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Чиллер – ғимараттың немесе құрылыстың техникалық орынжайында орнатылатын және ғимараттың немесе құрылыстың жекелеген орынжайларында орнатылған магистральді құбырлар арқылы сорғыш станциясының қысымымен тұтынушыларға (фен-койлдар, орталық баптағыштың жылуалмастырғыштары, басқа да технологиялық жабдық) берілетін сұйықтық (судың немесе гликоль қоспасының) температурасын азайтуға (ұлғайтуға) арналған ауа баптағыш жүйесінің аяқталған тоңазытқыш машинасы.

«Чиллер – градирнялар – фен-койлдар» схемасы бойынша сумен салқындатқыш конденсаторы бар чиллер жылдың кез келген кезінде салқындату бойынша жұмыс істейді және көп орынжайларға қызмет көрсету үшін қолданады.

Ауа баптағыш жүйесінің бұл схемасы тұтынушылардың санын ұлғайта және жекелеген блоктарын іске қоса отырып, ғимаратты пайдалануға беруге мүмкіндік береді.

1.4 Технологиялық картада мыналар келтірілген:

- қолдану саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдар сипаттамасы;
- жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстардағы қажеттілік;
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбек қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картадағы еңбек режимі жұмыс орны оңтайлы ұйымдастырылған, еңбекті бөлу, жетілдірілген аспап пен мүкәммалды қолдану ескеріле отырып, бригада жұмыскерлері арасында міндеттер нақты бөлінген жағдайдағы еңбек ресурстарының тиімді қарқынының шартынан алынған.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай НҚА-ларға, НТҚ-лерге және басқа да құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2006 жылғы 08 ақпандағы №35 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі ережелері.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген Жүк көтеру крандарын орнату және қауіпсіз пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары

1.03-05-2001 ҚР СНЖЕ Құрылыстағы техника қауіпсіздігі және еңбек қорғау.

1.03-06-2002\* ҚР СНЖЕ Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттарды және

4.02-42-2006 ҚР СНЖЕ	құрылыстарды салуды ұйымдастыру.
3.05.01-85 ҚР СНЖЕ	Жылыту, вентиляция және кондициялау.
3.05-09-2002* ҚР СНЖЕ	Ішкі санитарлық-техникалық жүйелер.
12.0.004-90 МСТ	Технологиялық жабдық және технологиялық құбырлар.
	ЕҚСЖ. Еңбек қауіпсіздігін оқытуды ұйымдастыру.
	Жалпы ережелер.
12.1.004-91 МСТ	ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
12.1.013-78 МСТ	ЕҚСЖ. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
12.1.046-85 МСТ	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс алаңшаларын жарықтандыру нормалары.
12.3.003-86* МСТ	ЕҚСЖ. Электрмен дәнекерлеу жұмыстары. Қауіпсіздік талаптары.
12.3.009-76 МСТ	ЕҚСЖ. Тиеу-түсіру жұмыстары. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары.
12.3.018-79 МСТ	ЕҚСЖ. Вентиляциялық жүйелер. Әуединамикалық сынақ өткізу әдістері.
12.4.010-75 МСТ	ЕҚСЖ. Жеке қорғану құралдары. Арнайы қолғаптар. Техникалық шарттары.
12.4.011-89 МСТ	ЕҚСЖ. Жұмыс істеушілердің қорғану құралдары. Жалпы талаптары мен жіктенуі.
12.4.013-85 МСТ	ЕҚСЖ. Қорғау көзілдіріктері. Жалпы техникалық шарттары
12.4.026-76 МСТ	ЕҚСЖ. Белгі түстер мен қаіпсіздік белгілері.
12.4.028-76 МСТ	ЕҚСЖ. «Лепесток» ШБ-1 респираторлары. Техникалық шарттары.
12.4.035-78 МСТ	ЕҚСЖ. Электрмен дәнекерлеушілерге арналған беттік қорғау қалқаншалары. Техникалық шарттары.
12.4.087-84 МСТ	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскілері. Техникалық шарттары.
12.4.089-86 МСТ	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандырғыш белбеулер. Жалпы техникалық шарттары.
12.4.100-80 МСТ	Уытты емес шаң-тозаңнан, механикалық әрекеттерден және жалпы өндірістік ластанудан қорғауға арналған ерлер комбинезондары. Техникалық шарттары.
12.4.107-82 МСТ	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандырғыш арқандар. Жалпы техникалық шарттары.
1868-88 МСТ	Техникалық және шаруашылық жіптер. Техникалық шарттары.
2034-80 МСТ	Шиыршық бұрғылар. Техникалық шарттары.
2310-77 МСТ	Слесарлық құрыш балғалар. Техникалық шарттары.
2838-80 МСТ	Гайкалы кілттер. Жалпы техникалық шарттары.
5375-79 МСТ	Резиналы қалыпты етіктер. Техникалық шарттары.
9466-75 МСТ	Құрышты имектеп дәнекерлеу және балқытуға арналған жабық металды электродтар. Жіктенуі және жалпы техникалық шарттары.
10597-87 МСТ	Сырлаушылардың сырлауыштары мен қылшақтары. Техникалық шарттары.
17012-71 МСТ	Қатты қорытпа бұрғылар. Типтері және негізгі мөлшерлері.

23407-78 МСТ	Құрылыс алаңшаларының және құрылыс-монтаждық жұмыстар жерлерін мүкәммалдық қоршаулары. Техникалық шарттары.
24258-88 МСТ	Тақтай төсеу құралдары. Жалпы техникалық шарттары.
25573-82 МСТ	Құрылысқа арналған жүк ілетін арқан жіптер. Техникалық шарттары.
26887-86 МСТ	Құрылыс-монтаждық жұмыстарға арналған алаңшалар мен сатылар. Жалпы техникалық шарттары. Электр қондырғыларды орнату ережелері (ЭОЕ) (Алматы, 2008).

Осы технологиялық картаны қолдану кезінде Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып жүрген, ағымдағы жылдың 1 қаңтар күніне жасалған Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттар тізбесі бойынша НҚА-ның және НТҚ-нің, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпарат көрсеткіштері бойынша қолданысқа енгізілген НҚА-ның және НТҚ-нің күшін тексеру қажет.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ алмастырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде алмастырылған (өзгертілген) НҚА-ны және НТҚ-ні басшылыққа алу қажет.

Егер сілтеме НҚА-ның және НТҚ-нің алмастыруынсыз күші жойылса, оларға сілтеме берілген ереже осы сілтемеге қатысты емес бөлікте қолданылады.

### 3 Жалпы ережелер

3.1 Технологиялық картада әкімшілік ғимараттың астыңғы бөлігіндегі техникалық орынжайда сумен салқындатқыш конденсаторы бар чиллерді монтаждау және іске қосуға дайындау үрдісі қарастырылады.

3.2 Технологиялық картада нақты өнімділігі 700-ден 5300-ге дейінгі кВтты чиллер қарастырылады.

3.3 Чиллер R-134a (HFC-134a) экологиялық қауіпсіз хладагентті пайдалана отырып оң қысыммен жұмыс істейтін сыртқа тепкіш компрессорлары бар тиімділігі жоғары герметикалық тоназытқыш машина болып табылады. Фен-койлдармен чиллер су құбырларымен қосылады.

3.4 Жұмыстарды жүргізу шарттары мен ерекшеліктері:

- чиллерлерді монтаждау және іске қосуға дайындау жұмыстары ҚР СНжЕ 1.03-06, ҚР СНжЕ 4.02-42, құрылысты ұйымдастыру жобасында (ҚҰЖ), жұмыс жүргізу жобасында (ЖЖЖ) және осы технологиялық картада көзделген технологиялық талаптар сақталған жағдайда жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жүргізілуі тиіс;

- жұмыс орындарының жарығы 12.1.046 МСТ-ке сәйкес келуі тиіс;

- чиллерлерді монтаждау және іске қосуға дайындау жұмыстарын жүргізу кезіндегі температуралық-ылғалдық режим 4.02-42 ҚР СНжЕ-нің, қолданылатын жабдықты монтаждау және пайдалану жөніндегі паспорттар мен нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес қабылданады;

- ауа баптағыш жүйесін монтаждауды индустриялық әдістермен жинақтамада жеткізілетін ірі технологиялық тораптармен, блоктар мен жабдықпен жүргізу қажет;

- чиллерлерді монтаждауды, оларды жеке сынақтан өткізуді және іске қосуға дайындауды объектінің немесе жекелеген іске қосу блогының құрылысы (жалпы құрылыс және әшекелеу жұмыстары, электр-, сумен және жылумен қамтамасыз ету жүйелерін монтаждау және жеке сынақтан өткізу) дайын болған жағдайда 3.05.01 СНжЕ талаптарына сәйкес жүргізу қажет.

3.5 Осы технологиялық картамен қарастырылған чиллерлерді монтаждау және іске қосуға дайындау жұмыстары құрамына мыналар кіреді:

*а) дайындық жұмыстары;*

*ә) негізгі және қосалқы жұмыстар:*

- чиллерді монтаждау;
- чиллерді қосу;
- чиллерді жеке сынақтан өткізу;
- чиллерді іске қосуға дайындау.

*б) қорытынды жұмыстар.*

3.6 Осы технологиялық карта мыналарды:

- құбырлар мен ауа өткізгіштер желілерін монтаждау жұмыстарын;
- сорғыш станцияларын монтаждау жұмыстарын;
- градирняларды монтаждау жұмыстарын;
- фильтрлеу станциясын монтаждау жұмыстарын;
- чиллерге хладагент құю жұмыстарын;
- фен-койлдарды монтаждау жұмыстарын;
- қосымша жабдықты (опцияларды) монтаждау жұмыстарын қарастырмайды.

3.7 Технологиялық картада 1.03-05 ҚР СНЖЕ, 1.03-06 ҚР СНЖЕ-нің, қолданылатын машиналар мен механизмдері паспорттарының және осы технологиялық картаның 2.4-тармағының талаптары сақталған жағдайда бір-екі аусымда жұмыс жүргізу қарастырылған.

3.8 Нақты объектіге түсіру кезінде технологиялық картаның жұмыс құрамын, механизация құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстардағы қажеттілікті нақтылау, еңбек сапасын, қауіпсіздік техникасын және еңбек қорғауды бақылау іс-шараларын түзету қажет.

#### **4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдар сипаттамасы**

4.1 Чиллер мынадай негізгі құрамдас бөліктерден тұратын модульдік құрылғы болып табылады: жекелеген корпусардағы булатқыш пен конденсатордың жылу алмастырғылары, компрессор- мотор, басқару панелі, электр қозғалтқыш стартері және хладагентті сақтау ыдысы.

Булатқыш – буланатын хладагентпен булатқыш блогының ішіндегі түтіктен ағатын судан жылу алу арқылы төмен қысым және температура ұстайтын компрессордың астында орналасқан жылу алмастырғы.

Конденсатор – анағұрлым жоғары температурамен және қысыммен (булатқышқа қарағанда) жұмыс істейтін және хладагенттен жылуды алу үшін конденсатор блогының ішінде түтіктермен ағатын суды пайдаланатын жылу алмастырғы.


Компрессор- мотор жүйедегі температура мен қысымның айырмашылығының болуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ булатқыштан конденсаторға хладагентті тасымалдайды.

Басқару панелі чиллердің өнімділігін реттеуге және басқаруға мүмкіндік беретін пайдаланушының интерфейсі болып табылады.

Электрқозғалтқыштың стартері чиллерді іске қосуға арналған және электр қуаты көзін компрессор-мотордан, май сорғышынан, май жылытқыштан және басқару панелінен ажыратуды қамтамасыз етеді.

Егер хладагентті сақтау үшін чиллер құрылғысында арнайы ыдыс қарастырылмаса, хладагентті үздіксіз айдау үшін қосымша айдау қондырғысы пайдаланылады.


Чиллердің сырт пішіні 1-суретте келтірілген.




**1-сурет – Чиллердің сырт пішіні**

Чиллер құрылғысындағы стандартты құрамдас бөліктерінің және қосымша тораптардың (опциялардың) орналасу жерлері 2-суретте келтірілген.

а)



ә)



а – алдыңғы пішіні;

ә – артыңғы пішіні;


1 – жетек; 2 – сорғыш бұрыш; 3 – чиллерді визуальді бақылауыш (CVC); 4 – зауыттық ақпарат тақтайшасы; 5 – булатқыш және автоматты қайтарымымен қорғауыш клапандар; 6 –булатқыш қысымын өңдегіш; 7 – конденсатордың кіру/шығу термоқадағалары; 8 – судың конденсатор арқылы ағуын бақылауыш; 9 – булатқыштың кіру/шығу термоқадағалары; 10 – судың булатқыш арқылы ағуын бақылауыш; 11 – хладагентке құю клапаны; 12 – кәдімгі фланецті жалғастырма; 13 – майды құю және құйып-алу клапаны; 14 – май деңгейін бақылау шынылары; 15 – майтоңазытқыш; 16 – қосымша электр қалқаны; 17 – электрқозғалтқыштың корпусы; 18 - автоматты қайтарымымен конденсаторлық қорғауыш клапандар; 19 – моторды автоматты сөндіргіш; 20 – іске қосатын жартылай өткізгіштік құрылғының басқару дисплейі; 21 – чиллерде орнатылған (опция) іске қосатын жартылай өткізгіштік құрылғы; 22 – мотордың байқау шынысы; 23 – булатқыштың қақпағы; 24 –ASME атаулы маңдайшасы; 25 – стандартты сусүнгіш түтік; 26 –конденсатордың қақпағы; 27 –хладагент ағымының/ылғалдығының индикаторы; 28 –хладагентті кептіргіш фильтр; 29 – сұйық желісіндегі (опция) тоқтатпа клапан; 30 – қайта іске қосу клапанының камерасы; 31 – жеке орналасқан сауыттың жалғасу штуцері; 32 – айдатуда қолданатын тоқтатпа клапан; 33 – айдап шығару клапаны; 34 – конденсаторлық қысымды өңдегіш

## 2-сурет – Чиллер құрылғысындағы стандартты құрамдас бөліктер мен қосымша тораптардың (опциялардың) орналасу жерлері

Осы құрылғыдағы чиллердің жинақы дизайні оны теңіз контейнерінде тасымлаудаға мүмкіндік береді.

Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде мүкәммалдың жүк көтеру жарағын (арқан жіптерді, шынжырларды, траверстерді және т.б.) қолдана отырып салмақ түсетін раманың тесіктеріне ғана чиллерді арқан жіпке ілуді жүзеге асыру қажет.

Чиллерді арқан жіпке ілудің үлгі схемасы 3-суретте келтірілген.



1 – төртбағытты мүкәммалды арқан жіп;  
2 – 19XR сериялы «Carrier» чиллері

### 3-сурет – Чиллерді арқан жіпке ілудің үлгі схемасы

4.2 Ауа баптағыш жүйесінде құбырлар сұйық заттарды (су, гликольді қоспа) тасымалдау үшін пайдаланылады.

Құбырларды дайындау үшін сутекті құрыштан жасалған құбырлар, мырышпен қапталған құрыш құбырлар және фасондық бөлшектер (бұрыштықтар, бұрғыштар, фланецті өтпелер және т.б) қолданылады.

Қолданылатын құбырлардың сыртқы диаметрі, қабырға қалыңдығы, сопақтығы және майысуы бойынша шекті ауытқулар НТҚ-да осы бұйымдарға келтірілген мәндерден аспауы тиіс.

Құбырларды маркілеу, буып-түю, тасымалдау және сақтау 10692 МСТ бойынша жүзеге асырылады.

4.3 Ылғалданған ауаны тасымалдау үшін ауа баптағыш жүйесінде ауа өткізгіштер пайдаланылады.

Ауа өткізгіштер жіңішке табакты мырышпен қапталған құрыштың жекелеген бөліктерінен немесе гофрленген алюминийден жасалған заттардан, винипластан және түрлі фасондық бөлшектерден (өтпелер, бүгілмелер, бұрмалар, ұшайырлар, диффузорлар және т.б) дайындалады.

Пішіні бойынша ауа өткізгіштер домалақ, тікбұрышты, төрткіл, ал орындалуы бойынша оқшаулауымен және олсыз болуы мүмкін.

Вентиляциялық жүйенің ауа өткізгіштері мен бөлшектері жұмыс құжаттамасына және белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық шарттарға сәйкес дайындалуы тиіс.

Ауа өткізгіштерді тасымалдау және қоймаға қою кезінде механикалық зақымданудан қорғалуды және қабаттарының сақталуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы тиіс.

4.4 Чиллерді монтаждау және ауа баптағыш жалпы жүйесіне қосу үшін жеткізілім жиынтығына кіретін клапандар, вентильдер, реле, қадағалар, түйістіргі және басқа қосымша модульдер объектіге контейнерлермен немесе дайындаушы зауыттың

пакеттерімен жеткізіледі. Әрбір контейнер немесе пакет қолданыстағы стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкес таңбалануы тиіс.

Бөлшектер мен тораптарда орнатылмаған бекіту арматурасы, автоматика аспаптары, бақылау-өлшеу құралдары, жалғастырғыш бөліктер, аралық қабаттар, болттар, гайкілер, тығырықтар және басқа да элементтер жеке салынуы тиіс, бұл ретте контейнердің таңбасында жеткізілетін бұйымдардың атауы мен белгісі көрсетіледі.

4.5 Ауа баптағыш жүйесінің жабдығы, бөлшектері және бұйымдары осы көлік түрінде қолданылатын Тасымалдау ережелеріне сәйкес кез келген көлік түрімен дайындаушы зауыттың бумасында тасымалданады, ал әрбір топқа сапа туралы құжат қоса берілуі тиіс. Контейнерлерді немесе пакеттерді тасымалдау, тиеу және түсіру кезінде оларды механикалық зақымданудан қорғауды қамтамасыз ететін шаралар қабылдау қажет.

Ауа баптағыш жүйесінің жабдығын, бөлшектерін және бұйымдарын бумадағы сигналды және ескертетін таңбаны сақтай отырып дайындаушы зауыттың бумасында құрғақ және жабық қоймалық орынжайларда сақтау қажет.

Құбырлардың, ауа өткізгіштердің және басқа да жабдықтың әрбір тобына сапа туралы құжат қоса берілуі тиіс.

## **5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы**

### **5.1 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру**

5.1.1 Чиллерлерді монтаждау және іске қосуды реттеу жұмыстарын ұйымдастыруды жобалық құжаттамаға, 1.03-06 ҚР СНЖЕ, 4.02-42О ҚР СНЖЕ-ге, ЖЖЖ және осы технологиялық картаға сәйкес жүргізу қажет.

5.1.2 Жұмыс жүргізу басталмас бұрын:

- жауапты жұмыс орындаушысын белгілеу;
- жабдықты монтаждау бойынша құрылыс-монтаждық жұмыстар жүргізуге рұқсат нарядын алу;
- нұсқауларды тіркеу журналына қол қойғыза отырып, қауіпсіздік техникасы және еңбек қорғау, электр-, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерге нұсқау жүргізу;
- жұмыс персоналын жобалық құжаттамамен, ҚҰЖ-мен, ЖЖЖ-мен және осы технологиялық картасымен таныстыру;
- жұмыскерлер мен қызметшілерді қажетті аспаппен, мүкәммалмен, бейімдеу заттарымен, жарақпен, арнайы киіммен, аяқ-киіммен, қорғау маскаларымен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;
- 1.03-06 СНЖЕ-нің және ЖЖЖ-нің талаптарына сәйкес жұмыс жүргізу жерлерін және жұмыс орындары көлемдерін (жұмыс жерлерін қоршау; жабдықты, материалдарды және бұйымдарды және т.б қаттап салуға арналған алаңшалар дайындау) ұйымдастыру;
- жұмыс жүргізудің қауіпті аймағының периметрі бойынша сигналды қоршауды (МСТ 23407 бойынша) орнату және установить ескерту белгілері мен жазуларды (МСТ 12.4.026 бойынша) іліп қою;
- жұмыс жерлерін (12.1.046 МСТ бойынша) уақытша электрмен және жарықпен қамтамасыз ету;
- жүк көтеретін машиналардың (механизмдердің) және электрленген қол аспаптың жарамдылығын тексеру қажет.

5.1.3 Чиллердің орындалуына, оның жоба бойынша орналасқан жеріне және жұмыс жүргізудің спецификалық жағдайларына байланысты түрлі жүк көтеретін машиналар мен механизмдерді (крандар, жүкарба, домкраттар және т.б) қолдана отырып, оны монтаждау тәсілі таңдалады.

Осы технологиялық картада чиллерді жүккөтермелігі 100 тонналы автокранмен, әрбіреуінің жүккөтермелігі 10 тонналы екі жүкарбамен және әрбіреуінің жүккөтермелігі 6,3 тонналы төрт гидравликалық домкратпен әкімшілік ғимараттың астыңғы бөлігінің техникалық орынжайында монтаждау варианты қарастырылған.

5.1.4 Чиллерді монтаждау және іске қосуды реттеу жұмыстарын мынадай құрамда бригада жүргізеді:

- 7 разрядты вентиляция, ауа баптағыш, пневмотранспорт және аспирация жүйелерінің монтажшысы (бұдан әрі мәтін бойынша – монтажшы) (М1) – 1 адам (бригадир);

- 5 разрядты монтажшы (М2) – 1 адам;

- 4 разрядты монтажшы (М3, М4) – 2 адам;

- 3 разрядты монтажшы (М5, М6) – 2 адам.

Чиллерді монтажджау жұмыстары кешеніне:

- 8 разрядты кран машинисі (Км) – 1 адам;

- 7 разрядты кран машинисінің көмекшісі (Мк) – 1 адам;


- 3 разрядты электржүкарба машинисі (Л1, Л2) – 2 адам қатысады.

Қосалқы жұмыстарын жүргізу кезінде (жүктерді арқан жіпке ілу және жіберу) 3 разрядты монтажшыларда 2 разрядтан төмен емес монтажындағы такелажшының куәлігі болуы тиіс.

Электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде 4 разрядты монтажшыда 4 разрядтан төмен емес электрдәнекерлеушінің куәлігі болуы тиіс.

Электраспаптарымен және электржабдықпен жұмыс істейтіндердің электр қауіпсіздігі бойынша 1 біліктілік тобы болуы тиіс.

5.1.5 Чиллерді монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 4-суретте келтірілген.



- 1 – материалдар мен аспапты қаттап салу алаңшасы;
- 2 – ғимараттың салмақ түсетін құрылғысына бекітілген монтаждық блок;
- 3 – бағыттау төсемдері;
- 4 – чиллердің жобалық қалпы;
- 5 – жүкарба арқаны;
- 6 – ғимараттың салмақ түсетін құрылғысына бекітілген электр жүкарба;
- 7 – уақытша эстакада (төселім);
- 8 – монтаждық кран;
- 9 – тартқышымен жүк платформасы;
- 10 – жіп тартым;
- 11 – орындалатын жұмыс бағыты;
- 12 – технологиялық ойық;

(M1) ... (M6), (Л1), (Л2) – жұмыскерлер мен машинистердің орналасу жерлері

(Км), (Мк)

**4-сурет - Чиллерді монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы**

## 5.2 Жұмыс жүргізу технологиясы

### 5.2.1 Дайындық жұмыстары

Техникалық персоналдан нұсқау алып, қауіпсіздік техникасы және еңбек қорғау бойынша нұсқаудан өтіп, жобалық құжаттаманы, ЖЖЖ-ні және осы технологиялық картаны зерделеп, жұмыскерлер қажетті аспап, бейімдеу заттарын, материалдарды алады, олардың жиынтықтығын және жарамдылығын тексереді.

Чиллерлерді монтаждау жұмыстары алдында мынадай жұмыстар жүргізіліп, акт бойынша қабылдануы тиіс:

- жабдық орнатылатын қабатаралық жабындарды, қабырғалар мен тасаларды монтаждау;

- чиллерді және басқа да ауа баптағыш жүйесін орнату және бекіту орындарында тірек құрылғыларын (фундаменттік блоктарды, плиталарды) құру;

- магистральді құбырларды (ауа өткізгіштерді) монтаждау;

- құбырларды (ауа өткізгіштерді) тарту үшін технологиялық және монтаждық ойықтарды, бороздаларды, қуыстарды және жабындардағы, қабырғалардағы және тасалардағы ұяларды дайындау;

- ауа баптағыш жүйесінің жабдығын орнату жерлерінде қабырғалардың, тасалардың, қуыстардың және бороздалардың үстін сылақтау немесе қаптау;

- қосалқы құрылғыларды (эстакадалар, төселімдер, бағыттау төсемдер және т.б) дайындау және бекіту;

- кемінде 50 м қашықтықта электр машиналары мен электр аспаптарын қосу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

### 5.2.2 Негізгі және қосалқы жұмыстар

Чиллерлерді монтаждау және іске қосуды реттеу жұмыстары мынадай технологиялық ретпен жүргізіледі:

#### 5.2.2.1 Чиллерді монтаждау

Чиллерді монтаждауды ЖЖЖ-ге сәйкес, дайындаушы фирма чиллерді объектіге жеткізу кезінде қоса берілетін Чиллерді монтаждау жөніндегі басшылықтың талаптарын, сондай-ақ қолданылатын жүк көтеру машиналары мен механизмдерін пайдалану жөніндегі паспорттар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтау отырып жүргізу қажет.

Чиллерді объектіге жеткізгеннен кейін оны тіркеудегі жүк платформасы мен автомобильдік тартқышпен ғимараттың сыртқы қабырғасындағы монтаждық ойыққа барынша жақын оңтайлы траектория бойынша тасымалдау қажет.

Монтаждық кран ЖЖЖ құрамында әзірленген монтаждық схемаға және осы кран түрін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес орнатылуы тиіс.

Чиллерді салмақ түсетін рамаға арқан жіпке ілуде чиллерді монтаждау кезінде оның теңселуін болдырмау үшін жіп тартымдарын бекіту қажет.

Чиллерді көтеруді және монтаждық ойыққа жеткізуді екі кезеңмен жүргізу қажет:

I кезең – жүкті 20-30 см байқап көтеру және жүк көтеру жарағы мен бейімдеу заттарының бекітілу сенімділігін тексеру;

II кезең – жүкті көтеру және орнату жеріне жеткізу.

Кранның жұмыс істеу кезінде оның стрелалары мен ілмегі шұғыл жұлқынусыз, шапшаңдатусыз және тежеусіз, жатық және бірқалыпты болуы тиіс.

Кранмен орындалатын барлық жұмыстар жүк көтеру машиналар мен механизмдермен қауіпсіз жұмыс жүргізуге жауапты адамның сигналы бойынша жүргізілуі тиіс.

Чиллерді уақытша эстакадаға (төселімге) орнатқаннан және оның бекітілген қалпының сенімділігін тексергеннен кейін чиллерден арқан жіптер мен тартымдар шешіледі. Чиллерді эстакадаға орнатқанға дейін бағыттау төсемдердің салынуын қарастыру қажет, кейіннен чиллер олар бойынша ғимараттың ішіне тасымалданатын

болады.

Чиллердің ғимарат ішіне жүкарбамен жеткізілуі үшін оны ЖЖЖ құрамында әзірленген монтаждық схемаға және осы жүкарба түрін монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес орнату және бекіту қажет.

Чиллердің тасымалдануы жолында жүкарбаны орнату мүмкін болмаған жағдайда блоктар мен полиспастар жүйесін монтаждауды қарастыру қажет. Блоктар мен полиспастарды орап байлау немесе анкерлік бекіту әдісімен ғимараттың салмақ түсетін құрылғыларына бекіту қажет, бұл ретте міндетті түрде ғимараттың салмақ түсетін құрылғыларының мүмкіндігі, сондай-ақ бекіту сенімділігі тексерілуі тиіс.

Жүкарба арқанын чиллердің салмақ түсетін рамасына бекіту кезінде оның жолында кездесетін құрылғылардың және құралдардың өткір қырына тимеуін байқау, немесе қорғау астаушаларын орнату керек.

Чиллерді екі жүкарбамен тасымалдамас бұрын объектіде жұмыс жүргізудің ерекше шарттарын ескере отырып жүкарбалардың бірлескен жұмысы бойынша іс-шаралар әзірлеу және кейіннен оларды қатаң сақтау қажет.

Чиллерді екі жүкарбаның бірлескен жұмысы арқылы тасымалдау жүк көтеру машиналарымен және механизмдермен қауіпсіз жұмыс жүргізуге жауапты адамның сигналы бойынша жүргізілуі тиіс.

Жүкарбалардың барабандары (арқандары) жатық және бірқалыпты, шұғыл жұлқынусыз, шапшаңдатусыз және тежеусіз қозғалуы тиіс.

Ерекше жағдайларда қалпына келтіретін бәсеңдеткіштерімен жүкарбаларды қолдану қажет.

Чиллерді орнықтыру кезінде мыналарға ерекше назар аудару қажет:

- чиллер орнатылатын ғимараттың салмақ түсетін құрылғыларына агрегаттың салмақ күшінің өлшемділігі тең болуына;

- құрылыс құрылғыларына вибрацияның берілуін болдырмау, бұл қолайсыз факторға жол бермеу үшін агрегатты виброизоляцияларға орнату қажет;

- сервистік жұмыстарының, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының мүмкін болуы және қолайлылығы үшін құбырларды (ауа өткізгіштерді) монтаждау үшін чиллер айналасында бос кеңістік қарастыру қажет.

Виброизоляцияларды орнатқаннан кейін чиллердің астына тірек бетіне гидравликалық домкраттар орнықтырылады, олармен агрегат виброизоляцияларға жобалық белгіге дейін түсіріледі. Чиллердің қалпын фундаменттік блоктардың (плиталардың) төсеме бөлшектеріне уақытша бекіту қажет.

Чиллердің нақты қалпын реттеу және қайта тексеру ауытқу үлесі болуы мүмкін жобалық мәндерге жеткізілгенге дейін жүргізіледі.

Чиллер жобалық қалыпқа соңғы бекітілгеннен кейін одан жүкарба арқандары шешіледі, домкраттар мен бағыттау төселімдер алып тасталады, блоктардың (полиспастардың) мен жүкарбалардың демонтажы жүргізіледі.

Ғимарат құрылғысының орындар бойынша тесіктер мен ойықтарды бұрғылаумен және кесумен байланысты барлық ілеспе жұмыстарды жоғары технологиялық бұрғылау жабдығы мен аспабын пайдаланудың жобалық құжаттамасына сәйкес жүргізу қажет.

Ұшқын ұшатын жұмыстар жүргізу кезінде (электрмен дәнекерлеу, металды абразиялы және газбен кесу) қолданыстағы құрылғылар мен орнатылған жабдықты балқытылған металдың ұшқындары мен шашырандыларынан қорғауды қарастыру қажет.

Тірек үстінен (еденнен, төсемнен) 1,5 м жоғары биіктікте чиллерді монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде тақтай төсеу мүкәммалдық құралдарын (үстелшелер, биіктік және т.б) пайдалану қажет.

Объектіге орнатылған чиллердің жалпы пішіні 5-суретте келтірілген.



**5-сурет – Объектіде орнатылған чиллердің жалпы пішіні**

#### **5.2.2.2 Чиллерді қосу**

Чиллер кіретін ауа баптағыш жүйесінің толық атқарымдығы әрбір объекті үшін жобалау-сметалық құжаттама құрамының техникалық тапсырмасындағы жүйеге қойылатын талаптармен белгіленеді.

Чиллерді ауа баптағыш жалпы жүйесіне қоспас бұрын оның барлық дербес блоктары (градирнялар, сорғыш станция, жинақтауыш бактер және т.б), құбырлардың, ауа өткізгіштердің магистральді желілері, аралық компрессорлар, сорғыштар, тиектер және осы жүйеге кіретін басқа да жабдық орнатылуы тиіс.

Дербес блоктар және жабдық жобалық қалыпта орнатылуы, жеке сынақтан өткізілуі және белгіленген үлгідегі актілер жасала отырып қабылдануы тиіс.

Магистральді құбырлар және ауа өткізгіштер сүйеуіш құрылғылар мен элементтері (тіректер, кронштейндер, тартымдар, ілмелер) құралымен жобалық қалыпқа орнатылып, бекітілуі керек, сондай-ақ құбырларды және ауа өткізгіштерді немесе олардың жекелеген бөліктері (егер жобада көзделсе) толық көлемде оқшаулануы тиіс.

Ауа баптағыш жүйесінің орнатылған элементтерінің жалпы пішіні 6-суретте келтірілген.



а – ауа өткізгіш жүйесі;  
ә – құбырлар жүйесі;  
б – қосымша жабдық;  
в – жабу және реттеу арматурасы

**6-сурет – Ауа баптағыш жүйесінің орнатылған элементтерінің жалпы пішіні**

Осы технологиялық картада чиллердің мынадай негізгі дербес блоктарына қосу варианты қарастырылған:

- жұмыс сұйығының чиллерден тұтынушыларға құбырлар бойынша жылжуы қысымымен жүзеге асырылатын сорғыш станция (гидромодуль);
- жұмыс сұйығының тұтынушыларға тасымалдауға арналған құбырлардың магистральді желісі;
- вентиляторлары бар үлкен жылуалмастырғыштың құрылғысынан тұратын және чиллер құрылғысында ыстық жылуалмастырғышты салқындататын сорғыш тобымен градирня;
- салқындатылған судың қорын сақтауға арналған аккумуляторлық бак, бұл чиллерді кезеңділік режимде пайдалануға мүмкіндік береді;
- жүйедегі жұмыс сұйығы түрлі қоспалардан тазартатын фильтрлеу станциясы;

- чиллердің жылуалмастырғышы арқылы жұмыс сұйығының шығыны реттелетін жетегімен үш қозғалғышты клапан;

- ауа баптағыш жүйесінің бүкіл жұмысын автоматты режимге икемдеуге мүмкіндік беретін автоматика жүйесі.

Чиллер жоғарыда аталған барлық блоктармен жалғастырғыш құбырлары, ауа өткізгіштер, бекіту-реттеу арматурасы, кедергіш клапандар, шиберлер, реле, қадағалар және басқа да жабдық арқылы ауа баптағыш бірыңғай жүйесіне қосылады.

Жалғастырғыш құбырларын (ауа өткізгіштерді) орнату кезінде құбырдың (ауа өткізгіштің) материалының температуралық деформациялануы факторын ескеру керек, бұл үшін құбырдың (ауа өткізгіштің) көлденең және тік бөліктерінің және фасондық бөліктерінің материал мен қосылғылар мөлшерінің тоқ кернеуінің күші артуысыз жылу өзгерістерін өтеуді қамтамасыз ету қажет.

Жалғастырғыш құбырларының (ауа өткізгіштерінің) жабық (атыздар, ұялар), жартылай жабық (гильзалар, құрсаулар) және ашық (тіректер, кронштейндер, қамыттар, ілгілер) бекіту элементтері олардың салмағын сенімді ұстауды қамтамасыз етуі тиіс. Бекіту бөлшектерінің жиынтығы, оларды орнату тәсілі, қадамы және басқа да өлшемдер жобалық және технологиялық құжаттаманың талаптарына сәйкес қабылданады.

Құбырдың (ауа өткізгіштің) жекелеген жерлерін орны бойынша кесу кезінде кесіктерді қабыршақтардан тазарту, ал қорғау қабаты бұзылған жағдайда оны қалпына келтіру қажет.

Жалғастырғыш құбырлар мен ауа өткізгіштері клапандарды, вентильдеді, фланецтерді, қысқаш муфталарды және бандаждарды орнату арқылы жүйе жабдығының түйіскен шығару құралына қосылады.

Фланецті қосылғылардың саңылаусыздығын аралық қабат (поролон, қышқылға төзімді резина, полимерлік мастикалы бұрау және басқалар) салу арқылы қамтамасыз ету қажет, бұл ретте фланецтер арасындағы қабаттар құбыр ішіне шықпауы тиіс.

Фланецтерсіз қосылғылардың саңылаусыздығын герметикалау мастиктерін жағу немесе герметикалау және қызумен жабыстыру ленталары мен манжеттерін жабыстыру арқылы қамтамасыз ету қажет.

Жалғастырғыш құбырлардың (ауа өткізгіштердің) гидро- және жылуды өткізбеуіштері жобада көзделген толық көлемде, жібермейтін, жыртылмаған және басқа да механикалық және химиялық зақымдар мен ақауларсыз материалдардан жасалуы тиіс.

Ауа баптағыш жүйесінің құбырлары мен ауа өткізгіштерін монтаждау кезінде тазалық және ішкі қабырғаларда түрлі қоспалардың (қоқыс, шаң-тозан) болмауы маңызды фактор болып табылады.

Чиллерді автоматика жүйесіне қосу кезінде электрмонтаждық жұмыстарды электрқауіпсіздігінің, жобалық және технологиялық құжаттаманың талаптарын міндетті түрде сақтай отырып, мамандандырылған ұйымдар мамандарын тарта отырып жүргізу қажет.

Чиллер және ауа баптағыш жүйесінің барлық жабдығы міндетті түрде жерге тұйықталуы тиіс, ал электр кәбілдер қосылатын жабдықтың техникалық сипаттамаларына сәйкес келетін қуат көздеріне тоқтың нақты қуаты мен күшімен қосылуы тиіс.

Электр кәбілін өткізу кезінде оны клемма қалыбымен бекіту немесе қорғау жәшігіне тығып қою қажет. Ауа баптағыш жүйесінің әрбір функциялық блогы оның авариялық жағдайда сөнуі үшін күшпен ажыратқышпен жабдықталуы тиіс.

Автоматика жүйесінің орнатылған элементтерінің жалпы пішіні 7-суретте келтірілген.



**7-сурет – Автоматика жүйесінің орнатылған элементтерінің жалпы пішіні**

### **5.2.2.3 Чиллерді жеке сынақтан өткізу**

Чиллерді жеке сынақтан өткізу басталмас бұрын сапа тиісті тексеріле отырып мынадай жұмыстар жүргізілуі тиіс:

- чиллер орнатылған орынжайда жалпы құрылыс және өңдеу жұмыстары;
- қуат беретін желілерді монтаждау және жеке сынақтан өткізу (электрмен- және сумен қамтамасыз ету);
- жүйенің құбырлары мен ауа өткізгіштері желілерін монтаждау және герметикалығын сынақтан өткізу;
- бекіту-реттеу арматурасын және бейімдеу заттарын монтаждау;
- жүйенің дербес блоктарын монтаждау және жеке сынақтан өткізу;
- чиллерге хладагент құю;

Чиллерді жеке сынақтан өткізу оны бос жүрісі кезінде жүргізіп бейімдеуге негізеледі. Жүргізіп бейімдеудің ұзақтығы мен өлшемдері техникалық шарттар немесе сынақтан өткізілетін паспорты бойынша алынады. Ұзақтығы көрсетілмеген жағдайда жүргізіп бейімдеу кемінде 1 сағат жүзеге асырылуы тиіс. Ақаулар пайда болған жағдайда себепін анықтап, жою қажет, содан кейін қайта сынақтан өткізу және жүргізіп бейімдеу қажет.

Жеке сынақтан өткізу барысында алынған нәтижелер бойынша жүйенің іске қосуды реттеу жұмыстарын жүргізу үшін чиллердің техникалық дайындығы туралы акт (3.05.01 СНЖЕ-нің міндетті 1-қосымшасының нысаны бойынша) жасалады.

### **5.2.2.4 Чиллерді іске қосуға дайындау.**

Ғимаратта немесе құрылыста ауа баптағыш жүйесін кешенді сынақтан өткізуді қамтитын іске қосуды реттеу жұмыстары кешені чиллерді іске қосуға дайындау деп түсіну қажет.

Ауа баптағыш жүйесін кешенді сынақтан өткізу мамандандырылған реттеу ұйымын тарту мүмкіндігімен бас мердігермен және монтаждық ұйыммен келісілген тапсырыс беруші әзірлеген кесте бойынша 3.05.05 СНЖЕ талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Іске қосуды реттеу жұмыстары кешені мынадай операциялардан тұрады:

- нақты өлшемдердің жобалық өлшемдеріне сәйкестігін анықтай отырып, түрлі технологиялық режимде ауа басптағыш жүйесінің бір мезгілде жұмыс істейтін дербес блоктары мен жабдықтарын сынақтан өткізу және тексеру;

- автоматтандырылған басқару жүйесін сынақтан өткізу;
- жекелеген блоктарды, сондай-ақ тұтастай жүйенің қорғау, оқшаулау және сигналдау құрылғыларын сынақтан өткізу;
- қызмет көрсетілетін есептік нүктелерінде шу қысымының және вибрацияның деңгейлерін өлшеу.

Іске қосуды реттеу жұмыстары барысында ауа баптағыш жүйесінің жұмыс істеу мүмкіндігінің ақаулары, олардың пайда болу себептері анықталуы, сондай-ақ бұл себептерді жою бойынша шаралар қабылдануы тиіс.

Ауа баптағыш жүйесін кешенді сынақтан өткізу кезеңінде іске қосуды реттеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін қызмет көрсетілетін орынжайларда бастапқы кезеңде технологиялық жүктемелер бола тұра олардың ауа ортасының қажетті жағдайлары қамтамасыз етілуі тиіс.

Оның нәтижесі туралы акт жасау ауа баптағыш жүйесін кешенді сынақтан өткізудің аяқтау кезеңі болып табылады, ол жүйенің барлық жабдығын қабылдау туралы бірыңғай актіні жасау үшін жұмыс комиссиясына беріледі.

### *5.2.3 Қорытынды жұмыстар*

Әрбір ауысымның соңында жұмыс орындарын жинап, аспап пен материалдар қалдықтарын жауапты адамға қоймаға беру, ал машиналарды, механизмдерді және басқа да жабдықты сақтау алаңшасына жеткізіп, күзетке тапсыру қажет.

Буып-түю ыдыстарының қалдықтарын, материалдарды, жабдықты, аспапты және басқа да мүкәммалды жұмыс орындарында қалдыруға тыйым салынады.

### **5.3 Қысқы жағдайда жұмыстарды жүргізу**

Чиллерлерді монтаждау және іске қосуды реттеу жұмыстары қысқы кезеңде мынадай жағдайларда жүргізілуі мүмкін:

- жабдық монтаждалатын және сынақтан өткізілетін орынжайлардағы ауа температурасы плюс 5°С төмен болмауы тиіс, бұл үшін барлық конструктивті ойықтардың (есіктің, терезенің) және технологиялық ойықтар мен тесікердің дайын блоктармен немесе уақытша қалқалармен (матылармен) толтыруды, сондай-ақ монтаждау жеріне жылу зеңбірегі мен зауытта шығарылған тэндермен жылы ауа айдауды ұйымдастыруды қарастыру қажет;

- жұмыс орындарына өтетін жолдар, оның ішінде дәліздер, сатылы алаңдар және материалдарды түсіру алаңшалары, қыраудан, қардан және қызылсу мұздан тазартылуы, ал қажет болған жағдайда құм себілуі тиіс;

- жұмыскерлер жұмыс кезінде қозғалыстарын тарылтпайтын жылы және қолайлы киім киюі тиіс;

- орнатылатын жабдықты монтаждау және пайдалану жөніндегі паспорттар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтау қажет;

- машиналарды, механизмдерді және электр, пневматикалық және гидравликалық аспапты төмен температурада пайдалану жөніндегі паспорттар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтау қажет;

5.4 Чиллерлерді монтаждау және іске қосуды реттеу бойынша карта 1-кестеде келтірілген.

## 1 –кесте – чиллерлерді монтаждау және іске қосуды реттеу

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, аспап, мүкәммал, бейімдеу заттары), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаты
<b>Дайындық жұмыстары</b>			
Нұсқаулық, құжаттамамен танысу	-	7 разрядты монтажшы (М1), 5 разрядты монтажшы (М2), 4 разрядты монтажшылар (М3, М4), 3 разрядты монтажшылар (М5, М6), 8 разрядты кран машинисі (Км), 7 разрядты кран машинисі көмекшісі (Мк), 3 разрядты жүкарба машинистері (Л1, Л2)	Жұмыстарды орындау алдында барлық жұмыс бригадалары техникалық персоналдан нұсқау алады (жұмыс жобасымен, ЖДЖ, осы техникалық картамен, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен танысу), қажетті сайман, материалдар, аспап, жарақ пен бейімдеу заттарын алады. М1, М2, М3, М4, М5, М6, Км, Мк, Л1, Л2 өз жұмыс орындарын дайындайды (машиналарды, тетіктерді және электр аспабын орнату, қосу және жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру, бейімдеу заттарын, мүкәммалды және қол слесарлық аспабын тексеру, дайындау)
<b>Негізгі және қосалқы жұмыстар</b>			
Чиллерді монтаждау	Автокран, электрожүкарба, гидродомкраттар, сорғыш станция, электрперфоратор, монтаждық блоктар, бағыттайтын төсемдер, арқан жіптер, тартымдар, балға, гайкалы кілттер жинағы, сүймендер, динамометриялық кілт	М1, М2, М3, М4, М5, М6, Мк, Пм, Л1, Л2	Км және Мк автокранды монтаждық қалпыда орнатады. М5, М6 бағыттау төсемдерді эстакаданың төселіміне қояды. М5, М6 чиллердің монтаждық ілгектеріне арқан жіптер және тартымдарды бекітеді. Км (М2 сигналы бойынша) чиллерді орнынан қозғалтады. М5, М6 тартыммен әрекет жасай отырып, чиллердің тасымалдануын сүйемелдейді. М3, М4 чиллерді эстакада төселімінде қабылдап, оның қалпын бағыттау төсемдеріне бекітеді.

## 1-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, аспап, мүкәммал, бейімдеу заттары), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаты
			<p>М5, М6 чиллердің арқан жіптер мен тартымдарын шешеді. Км автокран стреласын алып тастайды (М2 сигналы бойынша). Км және Мк тасымалдау жағдайына жинақтайды. М3 виброизоляцияларды орнату үшін тірек құрылғыларында электрперфоратормен тесік жасайды. М2, М5 балға мен гайкалы кілтті қолдана отырып анкерлі түйреуішпен виброизоляцияларды орнатады және бекітеді. М5, М6 бағыттау төсемдерді қояды. М3, М4 электржұқарбалар арқандарын блоктар арқылы тартады және олардың шетін чиллердің монтаждық ілмектеріне бекітеді. Л1 және Л2 (М1 сигналы бойынша) бірге жұмыс істейтін бағыттау электржұқарбалары бойынша чиллерді орнықтырады. М3, М4 арқандарды қайта қамдандырады. М5, М6 чиллердің қозғалғаны сайын төселімдерді жобалық қалыпқа қояды. М3, М4 чиллер рамасының астына гидродомкраттарды орнатады. М2 гайкалы кілттерді қолдана отырып шлангтерді гидродомкраттардан сорғыш станциясына қосады. М2, М3, М4 бірге (сорғыш станциясынан) жұмыс істейтін домкраттармен чиллерді шамалы көтереді (М5, М6 чиллердің астынан төселімдерді алып тастайды) және оны виброизоляцияларға түсіреді. М1 чиллердің қалпын тексеріп шығады. М3, М4 қажет болған жағдайда сүйменшіктермен чиллердің қалпын жақсылап түзетеді. М5, М6 болттық қосулар арқылы гайкалы кілттермен чиллерді виброизоляцияларға уақытша бекітеді. М2, М3, М4 домкраттарды және сорғыш станцияны алып тастайды. М1 чиллердің қалпын соңғы рет тексеріп шығады және динамометриялық кілтпен болттық қосулардың тартылуын бекітеді.</p>

## 1-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, аспап, мүкәммал, бейімдеу заттары), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаты
Чиллерді қосу	Электрлі кесу машинкасы, газ шілтері, электрбалқыту аппараты, гайкалы кілттер жинағы, бұрауыштар, егеулер, қайшылар, сылауыштар, маркер, өлшеу аспабы	М2, М3, М4, М5, М6	<p>М2 өлшеу аспабымен жалғауыш құбырлардың, ауа өткізгіштердің және электр кәбілдердің желілері мен өтетін жерлерін белгілейді. М4, М5 жиынтық элементтерді желістердің өтетін орындар схемасы мен жеткізу ерекшелігіне сәйкес жинақтайды. М3 ғимараттың тірек құрылғыларында электрперфоратормен тесік жасайды. М5, М6 сүйемелдейтін құрылғыларды (тіректер, кронштейндер, кергілер, ілмелер, түтіктер және т.б) балғаның және гайкалы кілттердің көмегімен анкерлі төсеме элементтермен орнатады және бекітеді. М3, М5 кесікті егеумен тазарта отырып, электрлі кесу машинкасымен құрастырылатын металды элементтерді көлемі орнына келетіндей етіп кеседі. М4, М6 газ шілтерімен оқшауланған орындарды ысыта отырып түтік элементтерін иіндейді. М2, М3, М4, М5, М6 төселімдерді орната және сылауыштармен мастиканы оқшаулай отырып қосқыш желістерді ірі блоктармен, гайкалы кілттермен, бұрауыштармен фланецтердегі, қамыттардағы, құрсаулардағы бекітіп-реттеу арматурасын монтаждайды. М4 электр аппаратымен металды элементтерді дәнекерлеп қосады және дәкерленген жіктің қағын металтүкті сылауышпен тазартады. М3, М5 монтаждалған құбырларды жылу өткізбейтін матеиалдарды қайшымен қия отырып, оқшаулайды.</p> <p>Монтажшылар 1,3 м аспайтын биіктіктегі жұмыстарды сақтандыру жарағын міндетті түрде пайдалана отырып, көтерме мүкәммал құралдарынан (сақтандыру белбеуі, сақтандыру арқаны) жүргізуі тиіс.</p>

## 1-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, аспап, мүкәммал, бейімдеу заттары), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операция сипаты
Чиллерді жеке сынау	Чиллерді жеке сынауға арналған жабдық жиынтығы	М1, М2, М3, М4, М5, М6	М1, М3, М5 жобаға сәйкес чиллерді орналастырудың және оған қосылған желістердің дұрыстығын тексереді. М2, М4, М6 қадағамен жиынтықталған арнайы жабдықпен құбырлар мен ауа өткізгіштердің герметикалығын сынайды. М2 сынақ нәтижелерін бекітеді. М1, М2 нәтижелерді бекіте отырып, чиллердің бос жүрісін жүзеге асырады. Ақаулар пайда болған жағдайда М1, М2, М3, М4, М5, М6 оларды жояды және чиллер жұмысының сынағын қайта жүргізеді.
Чиллерді іске қосуды реттеу	Чиллерді кешенді сынауға арналған жабдық жиынтығы	М1, М2, М3, М4, М5, М6	М1, М2, М3, М4, М5, М6 комиссия құрамында ауа баптағыш жүйесін кешенді сынақтан өткізетін жабдықпен чиллердің жүйеде (түрлі режимдерде жұмыс істеу, нақты өлшемдерді өлшеу және жобалық өлшемдермен салыстыру, сигналдау және қамалау қорғау жүйелерін сынақтан өткізу, апаттық жағдайларды нобайлау) жұмыс істеу мүмкіндігін тексереді. Ақаулар пайда болған жағдайда монтажшылар оларды жояды және сынақты қайта жүргізеді.
<b>Аяқтау жұмыстары</b>			
Жұмыстарды аяқтау және жұмыс орындарын жинау	Қылшақтар, жәшіктер және шелектер	М1, М2, М3, М4, М5, М6, Мк, Пм, Л1, Л2	Барлық жұмыс бригадалары өз жұмыс орындарын жинайды, қылшақтармен құрылыс қоқыстарын сыпырады, материалдар қалдықтарын және қоқысты жәшіктер мен шелектерге салып, жинайды, материалдарды, аспапты және жарақтаманы жауапты адамға қоймаға, ал машиналар (тетіктер) және басқа да жабдықты – сақтауға тапсырады.

## 6 Материалдық-техникалық ресурстарда қажеттілік

6.1 Чиллерлерді монтаждау және іске қосуды реттеу жұмыстарын жүргізу кезінде материалдар мен бұйымдар қажеттілігі ведомості 2-кестеде келтірілген.

### 2 –кесте - Чиллерлерді монтаждау және іске қосуды реттеу жұмыстарын жүргізу кезінде материалдар мен бұйымдар қажеттілігі ведомості

Жұмыс көлемі – 1 чиллер ( $P_{\max}^x = 5300$  кВт)

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НД атауы мен белгісі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Чиллер (комплект поставки)	Жоба бойынша	дана	1,0
2	Үлгі бөліктері кешенімен ірі блоктардан тұратын жалғастырғыш құбырлар	Жоба бойынша	м	Жоба бойынша
3	Үлгі бөліктері кешенімен ірі блоктардан тұратын жалғастырғыш ауа өткізгіштер	Жоба бойынша	м	Жоба бойынша
4	Бекіту және реттеу арматурасы мен қадағалар жиынтығы (клапандар, вентильдер, шиберлер, реле және т.б.)	Жоба бойынша	дана	Жоба бойынша
5	Сүйемелдеу құрылғылар (тіректер, кронштейндер, ілмектер және т.б)	Жоба бойынша	дана	Жоба бойынша
6	Жиынтықта қорғау түтігімен (қорабымен) электр кәбілі	Жоба бойынша	м	Жоба бойынша
7	Су және жылу өткізбейтін материал	Жоба бойынша	м <sup>2</sup>	Жоба бойынша
8	Өзі кесетін бұрандалар	Жоба бойынша	дана	Жоба бойынша
9	Анкерлік болттар (түйреуіштер)	Жоба бойынша	дана	Жоба бойынша
10	Бетон (кірпіш) бұрғыш	17012 МСТ	дана	8,5
11	Метал бұрғыш	2034 МСТ	дана	6,1
12	Э46(МР-3С)Электродтары	9466 МСТ	кг	4,5
13	Абразиялы кесілетін шеңбер	-	дана	8,5
14	Оттегі	6331 МСТ	$\frac{л}{кг}$	$\frac{21,7}{0,03}$
15	Пропан-бутан	5542 МСТ	$\frac{л}{кг}$	$\frac{2,70}{0,005}$
16	Тозығы жеткен мақта-мата (бұйымдарды тазалау)	-	кг	4,3
17	Сабынды ерітінді (герметикалықты сынау)	-	л	10

6.2 Чиллерлерді монтаждау және іске қосуды реттеу кезінде пайдаланылатын машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, аспаптың, мүкәммалдың және бейімдеу заттардың тізбесі 3-кестеде келтірілген.

**3-кесте – Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, аспаптың, мүкәммалдың және бейімдеу заттардың тізбесі**

Бригадаға – 6 адам

р/с №	Атауы	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Звеноға (бригадаға) қажет саны, дана
1	Автокран	Тиеу-түсіру жұмыстары	Жүк көтермелігі 100 т	1
2	Электржұқарба	Жабдықты монтаждау	Жүк көтермелігі 10 т	2
3	Гидравликалық домкрат	Жабдықты монтаждау	Жүк көтермелігі 6,3 т	4
4	Сорғыш станция (гидрокомпрессор)	Гидравликалық домкраттарға қызмет көрсету	Қуаттылығы 6 кВт	1
5	Электрмен дәнекерлеу аппараты	Металды элементтерді дәнекерлеу	U=220 В	1
6	Электрперфора-тор	Тесік жасау	P=650 Вт	1
7	Электрлі кескіш машинка	Металдан дайындалған заттарды кесу және тазалау	P=2500 Вт; Ø <sub>д.</sub> =230 мм	1
8	Газ шілтер	Газ-алаулы жұмыстар	Оттегі және пропан-бутан	1
9	Чиллерді жеке сынақтан өткізуге арналған жабдық жиынтығы	Жеке сынақтар жүргізу	Құрама қысым қабылдауыш, вакуумдық сорғыш, 4 және 2-вентильді коллекторлар, тесікіздегіш, манометрлер, анемометрлер, барометрлер, психрометрлер, термометрлер	1
10	Чиллерді кешенді тексеруге арналған жиынтық	Кешенді тексеруді жүргізу		1
11	Монтажды блок (полиспаст)	Жабдықты монтаждау	Жүк көтермелігі 10 т	ЖЖЖ бойынша
12	Арқандар	Жабдықты арқандарға ілу	Жүк көтермелігі ЖЖЖ бойынша	ЖЖЖ бойынша
13	Техникалық жіп	Тартымдар	Ø12 мм, L=20 м	2
14	Бағыттау төсемдер	Жабдықты монтаждау	-	жиынтық
15	Қылшақтар және жаққыштар	Бөлшектерді тазарту және мастик жағу	-	4

## 3-кесте (жалғасы)

Бригадаға – 6 адам

р/с №	Атауы	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Звеноға (бригадаға) қажет саны, дана
16	Слесарлық аспап (гайкалы кілттер, балғалар, бұрауыштар, сүйменшіктер, егеулер, қайшылар, динамометриялық кілт және т.б.)	Слесарлық-монтаждық жұмыстар	-	жиынтығы
17	Өлшеуіш аспап (теодолит, нивелир, сызғыш, ұзындық өлшеуіш, штангенциркуль, уровень және т.б.№)	Өлшеу және бақылау құралдары	-	жиынтығы
18	Жиналып-бөлшектелетін тақтай төсеуіш	Тақтай төсеу құралы	Биіктігі –ЖЖЖ бойынша	жиынтығы
19	Жәшіктер және шелектер	Материалдарды (қоқысты) сақтау	-	2/2
20	Маркер	Белгі жасау	-	1
21	Комбинезон	Жеке қорғану құралы	-	6
22	Бәтеңкелер	Жеке қорғану құралы	-	6 қос дана
23	Қолғаптар	Жеке қорғану құралы	-	6 қос дана
24	Монтаждық темір қалпақ	Жеке қорғану құралы	-	6
25	Респиратор	Жеке қорғану құралы	-	2
26	Қорғау көзілдіріктер	Жеке қорғану құралы	-	2
27	Электрмен дәнекерлеуге арналған қорғау қалқаншалары	Жеке қорғану құралы	Жарық жұтатын шыны	1
28	Сақтандырғыш белбеу	Жеке қорғану құралы	L=1,5 м ұзартқышымен	бригадаға
29	Сақтандырғыш белбеу	Жеке қорғану құралы	L=30 м; Ø12 мм	1
30	Қауіпсіздік белгісі	Қауіпті аймақтарды белгілеу	-	ЖЖЖ бойынша
31	От сөндіргіш	Жергілікті отты сөндіру	V=10 л	ЖЖЖ бойынша
32	Дәрі-дәрмек қобдишасы	Жарақаттану кезінде алғашқы көмек	-	1

## 7 Жұмыс сапасына талаптар

Чиллерлерді монтаждау және іске қосу жұмыстарын орындау кезінде технологиялық үрдістерді бақылау картасы 4-кестеде келтірілген.

## 4-кесте технологиялық үрдістерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық үрдіс)	Бақыланатын өлшем			Бақылау орны (сынама ларды іріктеу)	Бақылау кезең- ділігі	Бақы- лауды немесе сынақ жүргізуді орын- даушы	Бақылау әдісі, НД белгісі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтиже лерін ресімдеу
	Атауы	Нақты мәні	Шекті ауытқу					НД типі, маркасы, белгісі,	Өлшеу диапазоны, кемшілік, дәлдік класы	
<b>Кіру кезіндегі бақылау</b>										
Чиллер	Жеткізілім құрылғысы	Жоба бойынша	-	Қаттап тастау алаңы	Тұтас	Мастер (прораб)	Визуальді	Жоба және ілеспе құжаттама	-	Кіру кезіндегі бақылау журналы
